

Сұйытылған көмірсутекті газ экспортына арналған уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 17 ақпан N 248

Республика аумағында суықтың күшеюіне және ішкі рынокты сұйытылған көмірсутекті газбен жабдықтау жөнінде дағдарысты жағдайдың қалыптасуына байланысты, "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Z952368_ Заңының 20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 1 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының аумағынан сұйытылған көмірсутекті газдың әкетілуіне (ТМД СЭҚ ТН кодтары 2711; 2711 12 960; 2711 12) т ы й ы м с а л ы н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері республиканың ішкі рыногын сұйытылған көмірсутекті газбен қамтамасыз ету жөніндегі істің жай-күйі туралы Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігін әрбір онкүндік сайын хабардар етіп отырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК